

ӘОЖ 930:37.016; МҒТАР 03.01.45  
<https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3123.20>

**З.Ж. СЕНГИРБАЕВА** 

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті*  
*e-mail: zaure.sengirbaeva@gmail.com*

## ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАР ТАРИХЫН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТӘЖІРБИЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК СИПАТТАМАСЫ

**Аңдатпа.** Бұл мақала Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі әскери тұтқындар тақырыбын оқытуда цифрлық ресурстарды тиімді интеграциялаудың педагогикалық әдістерін зерттеуге арналған. Зерттеудің өзектілігі – қазіргі білім беру кеңістігіндегі ақпараттық-технологиялық құзыреттілікке деген жоғары талаптармен және осы күрделі тарихи тақырыптың терең гуманистік маңыздылығымен негізделеді. Сонымен қатар, болашақ тарихшылардың кәсіби біліктілігін арттыру мәселелері, соның ішінде білім алушылардың цифрлық технологияларды пайдалану дағдыларын дамыту мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді. Осы мақсатта жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың жоспары, мақсаты мен міндеттері жан-жақты талқыланды.

Зерттеу барысында теориялық талдаумен қатар, студенттердің қатысуымен тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізіліп, Ұлы Отан соғысы кезіндегі әскери тұтқындар тақырыбын оқытуда студенттердің цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану тәсілдері зерттелді. Оның мақсаты – цифрлық құралдарды қолдану негізінде жасалған әдістемелік модельдің тиімділігін тексеру. Эксперимент нәтижелері студенттердің цифрлық оқу құралдарын қолдануға даярлық деңгейінің (ұйымдастырушылық-әдістемелік, жеке және танымдық компоненттер бойынша) елеулі түрде өскенін көрсетті. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижесінде жаңа оқыту әдістемесі ұсынылды.

Ұсынылған әдістемелік модель цифрлық ресурстарды қолдану арқылы білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, тарихи деректермен жұмыс істеу дағдыларын және рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға мүмкіндік беретіні дәлелденді.

**Кілт сөздер:** цифрлық ресурстар, әскери тұтқындар, педагогикалық эксперимент, интерактивті оқыту.

### Кіріспе

Қазіргі білім беру кеңістігінде студенттерге Ұлы Отан соғысының оқиғалары мен салдарлары жөнінде жан-жақты білім беру тек тарихи тұрғыдан мұқият дайындықты ғана емес, сондай-ақ ақпараттық және технологиялық тұрғыдан жоғары деңгейдегі дайындықты да талап етеді. Атап айтқанда, бұл ақпаратты және сандық құралдарды тиімді басқару

---

#### \* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Сенгирбаева З.Ж. Әскери тұтқындар тарихын оқытуда цифрлық ресурстарды пайдаланудың тәжірибелік-эксперименттік сипаттамасы // Yassawi Journal of Education Studies. – 2026. – №1 (139). – Б. 252-267. <https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3123.20>

#### \*Cite us correctly:

Sengirbaeva Z.Zh. Askeri tutqyndar tarihyh oqytuda cifrlyq resurstardy paidalanudyn tazhirbielik-eksperimenttik sipattamasy [Practical and Experimental Characteristics of the Use of Digital Resources in Teaching the History of Prisoners of War] // Yassawi Journal of Education Studies. – 2026. – №1 (139). – B. 252-267. <https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3123.20>

Мақаланың редакцияға түскен күні 10.09.2025 / қабылданған күні 30.03.2026

құзыреттілігін; ақпаратты жинау, талдау және қолдану қабілеттерін; жаңа кәсіби жағдайларға бейімделуді; коммуникация мен командалық өзара іс-әрекет дағдыларын; өзіндік оқу үдерісін ұйымдастыру қабілеттерін; сондай-ақ үздіксіз кәсіби дамуға бағытталған тұрақты ұмтылысты қамтиды.

Ұлы Отан соғысы (ҰОС) бұрынғы Кеңес Одағы тарихындағы ең ауқымды әрі ең қайғылы кезеңдердің бірі ретінде ерекшеленеді. Осы қақтығыс уақытындағы әскери тұтқындар тағдырын зерттеу сол кезеңнің тарихи оқиғаларын және жеке адамдар бастан өткерген қиындықтарды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. «Әскери тұтқын» ұғымы қарулы қақтығыстар барысында қарсылас тараптың қолына түскен әскери қызметшілерді білдіреді. Соғыс тарихында әскери тұтқындардың жағдайы мен оларға көрсетілетін қарым-қатынас мәселесі әрдайым күрделі және өзекті болып келген. Әрбір қақтығыста әскери тұтқындарға байланысты өзіндік ерекше тәсілдер болды, Ұлы Отан соғысы да бұдан тыс қалған жоқ. Соғыс жылдарында миллиондаған әскерлер тұтқынға алынып, аса ауыр сынақтарға ұшырады. Оларды ұстау үшін арнайы лагерьлер ұйымдастырылды, мұнда тұрмыс жағдайлары, тамақпен қамтамасыз ету және медициналық көмек көрсету мәселелері шешуші рөл атқарды. Тұтқындықтың психологиялық салдары да айрықша болды: әскери тұтқындар жиі азаптауға, қорлауға және психологиялық қысымға ұшырап, бұл олардың психикалық саулығына ұзақ мерзімге дейін зиян келтірді. Сонымен қатар, тұтқындар оқшаулану, еркіндіктен айрылу және болашаққа деген белгісіздік сияқты жаңа шындықтармен бетпе-бет келуге мәжбүр болды. Бостандыққа шыққаннан кейін олардың басым бөлігі ұзақ уақыт бойы туыстарынан ажырап, әлеуметтік байланыстардан қол үзгендіктен психологиялық қолдауды, әлеуметтік бейімделуді және оңалтуды қажет етті.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде цифрлық ресурстардың рөлі барған сайын артып келеді. Цифрлық сауаттылықты арттыру тек жеке адамның технологиялық дағдыларын жетілдіру үшін ғана емес, сонымен қатар жаһандық тұрақты даму міндеттеріне қол жеткізуде де шешуші рөл атқарады. Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) тұрақты даму мақсаттары – сапалы білім беру, лайықты еңбек пен экономикалық өсуді қамтамасыз ету, инновациялар мен инфрақұрылымды ілгерілету және теңсіздікті азайту – барлығы да қоғамдағы цифрлық сауаттылық деңгейімен тығыз байланысты [1]. Сол себепті Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі әскери тұтқындар тақырыбын оқыту барысында цифрлық технологияларды тиімді интеграциялауға бағытталған педагогикалық тәсілдерді айқындау ерекше маңызға ие. Цифрлық ресурстар студенттерге тарихи деректермен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға, тарихи оқиғаларды жан-жақты түсінуге және эмоционалды-этикалық құндылықтарды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ұлы Отан соғысы кезіндегі әскери тұтқындар тарихын оқытуда білім алушылардың цифрлық ресурстарын пайдаланудың тиімді әдістерін анықтау және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізудің нәтижесінде оқытудың әдістемелік моделін жасау – бұл өте маңызды және күрделі зерттеу бағыты. Бұл бағыттағы зерттеудің мақсаты цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, оқытудың тиімді әдістерін табу және соның негізінде білім алушылардың қажеттіліктеріне сай келетін әдістемелік модельді құру болып табылады. Бұл біздің зерттеуіміздің маңызды аспектілері мен қадамдары іспеттес.

Осы зерттеу жұмысымызды жүргізу барысында алдыменен зерттеу жұмысыңыздың міндеттерін нақты әрі жүйелі түрде анықтап алдық. Бұл міндеттер зерттеуіміздің мақсатына жету үшін қажетті қадамдарды көрсетеді. Енді әрбір міндетке қысқаша талдау жасап, кейбір ұсыныстарды берейік:

- Ұлы Отан соғысы кезіндегі әскери тұтқындар тарихы туралы тарихи және педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау (Бұл зерттеудің теориялық негізін құрайды және педагогикалық тәсілдерді, психологиялық аспектілерді зерттейді. Мұнда тек тарихи емес, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік әдебиеттерге назар аудардық. Архивтік материалдарды, естеліктерді, деректі фильмдерді қарастырдық);

- Білім беру процесінде қолданылатын цифрлық ресурстардың түрлерін, ерекшеліктерін және мүмкіндіктерін анықтау (Бұл міндет біздің зерттеуіміздің практикалық бөлігіне дайындық. Біз қандай цифрлық ресурстарды қолдануға болатынын, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін білуіміз керек. Оқыту платформаларын, онлайн оқулықтарды, мультимедиалық ресурстарды, интерактивті құралдарды, онлайн тесттерді, вебинарларды және т.б. қарастырдық. Әрбір ресурс түрінің оқу процесіне қалай әсер ететінін талдадық);

- Ұлы Отан соғысы кезіндегі әскери тұтқындар тарихын оқытуда білім алушылардың цифрлық ресурстарын пайдаланудың тиімді әдістерін анықтау (Бұл міндет біздің зерттеуіміздің негізгі мәселесі. Біз цифрлық ресурстарды қолдану арқылы әскери тұтқындар тарихы туралы білімді қалай жақсартуға болатынын анықтап алдық. Проблемалық оқыту, жобалық оқыту, интерактивті әдістер, дербестендірілген оқыту тәсілдерін қарастырдық. Әскери тұтқындардың психологиялық ерекшеліктерін ескердік);

- Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізу арқылы оқытудың әдістемелік моделін әзірлеу және оның тиімділігін тексеру (Бұл міндет біздің зерттеуіміздің практикалық нәтижесі. Біз жасаған әдістемелік модельдің жұмыс істейтінін тексеруіміз керек. Ол үшін эксперименттік және бақылау топтарын құрамыз, оқытуды ұйымдастырамыз. Тесттер, сауалнамалар, бақылаулар арқылы нәтижелерді жинақтаймыз. Статистикалық талдау жүргіземіз);

- Зерттеу нәтижелерін қорытындылап, білім беру процесіне енгізу бойынша ұсыныстар беру (Бұл міндет біздің зерттеуіміздің қорытынды бөлігі. Біз зерттеу барысында алған нәтижелерді қорытындылап, оларды білім беру процесіне қалай енгізуге болатынын көрсетуіміз керек. Біздің әдістемелік моделіміздің артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсетеміз. Қай цифрлық ресурстарды, қандай әдістерді қолдануға болатыны жөнінде нақты ұсыныстар береміз. Мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулық жасаймыз).

Ұсынылып отырған зерттеудің ғылыми жаңалығы – әскери тұтқындар тарихын оқытуда цифрлық ресурстарды жүйелі қолдануға негізделген авторлық тәжірибелік модельдің жасалуында. Аталған модель білім алушылардың тарихи деректермен жұмыс істеу, оларды талдау, салыстыру және оқу үдерісіне әдістемелік тұрғыдан бейімдеу іскерліктерін кешенді түрде қалыптастыруға бағытталған. Модельдің ерекшелігі – тарихи мазмұнды цифрлық форматта ұсыну арқылы білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырумен қатар, әдістемелік құзыреттіліктің мотивациялық, мазмұндық және іс-әрекеттік компоненттерінің өзара бірлікте дамуын қамтамасыз етуінде. Бұл модель бұрынғы зерттеулерден тәжірибелік бағыттылығы және нақты педагогикалық эксперимент нәтижелерімен дәлелденуімен ерекшеленеді.

Зерттеу тақырыбын мазмұндық тұрғыдан ашу үшін Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әскери тұтқындар жүйесінің аймақтық ерекшеліктеріне тоқталу қажет. Әсіресе Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында орналасқан әскери тұтқындар лагерьлерінің қызметі тарихи және педагогикалық тұрғыдан маңызды дереккөз болып табылады.

XX ғасырдың 30–50-жылдары Оңтүстік Қазақстан облысының аумағы саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар, депортациялық жолмен көшірілгендер және әскери тұтқындар үшін арнайы жазалау және еңбекпен түзеу аймақтарының біріне айналды. Мұндай жағдайдың қалыптасуына өңірдің әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері тікелей әсер етті. Біріншіден, аймақта ірі еңбек күшін қажет ететін өнеркәсіп ошақтары – Ащысай полиметалл комбинаты, Шымкент қорғасын зауыты, Ленгір кен орындары орналасқан болатын. Екіншіден, Оңтүстік Қазақстан өңірі ірі мал шаруашылығын дамытуға, каучук сияқты техникалық дақылдарды өсіруге, сондай-ақ аса ауыр еңбек талап ететін суармалы егіншілік түрлеріне, әсіресе мақта шаруашылығына қолайлы аймақ ретінде қарастырылды. 1945–1947 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында НКВД қарамағына берілген лагерьлерде герман, итальян, жапон, румын және венгр ұлттарының өкілдерінен құралған әскери тұтқындар

еңбекке тартылды. Бұл лагерьлер КСРО Ішкі істер министрлігінің №348 әскери тұтқындар лагерьлері жүйесіне біріктірілді. Түркістан қаласында орналасқан №348 әскери тұтқындар лагері 1945 жылғы 1 маусымда Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданы, Түркістан теміржол станциясы маңында құрылды. Лагерь құрылымында төрт бөлімше жұмыс істеді. Атап айтқанда, №1 бөлімше Түркістан ауданындағы Ащысай руднигінде, Түркістан станциясынан 78 км қашықтықта орналасып, лагерь басқармасынан 1,5 км жерде орналасты. №2 бөлімше Мырғалымсай руднигінде қызмет атқарды. №3 бөлімше Шымкент қорғасын зауыты аумағында, теміржолдан 1,5 км және лагерь басқармасынан 270 км қашықтықта орналасты. Ал №4 бөлімше Оңтүстік Қазақстан облысының Ленгір қаласында, лагерь басқармасынан 300 км қашықтықта орналасқан. №348 лагерьдің басқару құрылымы бас штабтан, тәртіп пен күзет бөлімінен, чекистік-оперативтік бөлімнен, қаржы бөлімінен, әскери тұтқындарды есепке алу бөлімінен, өндірістік жоспарлау бөлімінен, кадрлар және заттай қамтамасыз ету бөлімінен, продфураж қызметінен, сондай-ақ транспорт пен коммуналдық эксплуатация бөлімдерінен тұрды. Архивтік және есептік деректерге сәйкес, лагерьде қорғасын, көмір және кен өндіру жұмыстарына бір мезгілде 3 мыңнан астам әскери тұтқын тартылған [2].

Аталған тарихи деректер мен архивтік мәліметтер оқу үдерісінде цифрлық ресурстар арқылы талданып, білім алушылардың дерекпен жұмыс істеу, тарихи ойлау және сыни талдау дағдыларын қалыптастыруға негіз болды.

### **Зерттеу әдістері мен материалдары**

Мақалада қарастырылып отырған ғылыми мәселенің тарихи негіздері мен теориялық алғышарттарын ашуға бағытталған кешенді тарихи шолу ұсынылады. Мұндай шолу зерттелетін құбылыстың қалыптасу динамикасын, оның педагогикалық аспектілерін және әскери тұтқындар тақырыбының қазіргі білім беру тәжірибесіндегі орны мен маңызын айқындауға мүмкіндік береді. Тарихи мәліметтерді талдаумен қатар, мақалада мәселеге арналған мақсатты зерттеу нәтижелері сипатталады. Бұл зерттеу бірқатар әдіснамалық тәсілдердің үйлесіміне негізделген, олардың әрқайсысы зерттеу міндеттерін кешенді түрде шешуге бағытталған.

Зерттеу барысында теориялық талдау, тәжірибеге бағытталған эксперименттік жұмыс, сондай-ақ статистикалық өңдеу әдістері қолданылды.

Теориялық талдау кезеңінде ғылыми әдебиеттердің кең ауқымы, тарихи-педагогикалық зерттеулер, монографиялар, диссертациялық еңбектер, түрлі ғылыми мақалалар, ресми нормативтік-құқықтық құжаттар және мұрағат материалдары жүйелі түрде зерделенді. Бұл материалдар әскери тұтқындар мәселесінің тарихи контекстін, оның әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық қырларын, сондай-ақ цифрлық ресурстарды пайдаланудың әдістемелік негіздерін анықтауға мүмкіндік берді. Жүргізілген талдау зерттелетін феноменнің ғылыми-теориялық моделін құруға және келесі кезеңдегі эмпириялық жұмыстарды жобалауға әдіснамалық негіз болды.

Тәжірибелік-эксперименттік кезеңде педагогикалық эксперимент ұйымдастырылды. Бұл кезеңге студенттер мен оқытушылардың қатысуымен сауалнамалар жүргізу, олардың көзқарастары мен дайындық деңгейін анықтау, оқу үдерісін бақылау, цифрлық ресурстарды пайдалану тиімділігін талдау сияқты әрекеттер енгізілді. Сонымен қатар, студенттердің оқу тапсырмалары, рефлексиялық жазбалары, цифрлық платформалардағы белсенділігі зерттеліп, олардың іс-әрекет нәтижелеріне сапалық және құрылымдық талдау жасалды. Эксперименттің мазмұны сандық ресурстарды қолдану арқылы әскери тұтқындар мәселесін оқытудың әдістемелік тиімділігін анықтауға бағытталды.

Статистикалық әдістерді қолдану барысында тұтқынға түскен әскери тұтқындардың саны мен олардың орналасу құрылымына қатысты тарихи деректер жинақталып, жүйеленді. Содан кейін бұл деректер сандық (квантитативтік) және сапалық (квалитативтік) талдауға ұшыратылды. Сандық талдау тарихи статистика негізінде деректердің динамикасын

анықтауға мүмкіндік берсе, сапалық талдау олардың мазмұндық ерекшеліктерін, әскери тұтқындардың жағдайы мен олардың тарихи рөлін терең түсіндіруге негіз болды. Сонымен қатар, эксперимент нәтижелері де статистикалық әдістермен өңделіп, алынған деректердің сенімділігі мен валидтілігі қамтамасыз етілді.

Эксперимент нәтижелерін өңдеу және талдау барысында математикалық статистика әдістері қолданылды. Атап айтқанда, білім алушылардың әдістемелік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін салыстыру мақсатында пайыздық көрсеткіштер арқылы салыстырмалы талдау жүргізілді. Сонымен қатар анықтаушы және қалыптастырушы кезеңдердегі нәтижелерді бағалау үшін деңгейлік талдау әдісі қолданылып, алынған деректердің динамикасы айқындалды.

### **Талдау мен нәтижелер**

Зерттеу барысында Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі әскери тұтқындар тақырыбын меңгеру үдерісінде студенттердің цифрлық ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін әдістер айқындалды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізіліп, соның негізінде оқыту процесіне арналған әдістемелік модель әзірленді. Ұсынылған модель цифрлық ресурстарды қолданудың дидактикалық қағидаларын, оқу үдерісін ұйымдастырудың формаларын, оқу материалдарын іріктеу критерийлерін, сондай-ақ білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау тәсілдерін қамтиды. Зерттеу нәтижелері жалпы білім беретін мектептерде, жоғары оқу орындарында және тарихты оқытуға маманданған өзге де білім беру ұйымдарында қолдануға ұсынылады.

Бірқатар еңбектерде көрсетілгендей, дереккөздермен жұмыс істеуге бағытталған оқыту әдістері болашақ мұғалімдердің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Зерттеу аясында студенттердің ҰОС кезіндегі тұтқынға түскен әскери тұтқындар туралы ақпаратты меңгеруі барысында цифрлық ресурстарды пайдалану ерекшеліктеріне жан-жақты талдау жасалды. Зерттеу нәтижелері тәжірибелік қолдануға бағдарланған нақты ұсынымдарды қамтиды, олар аталмыш тарихи ақпаратты педагогикалық тұрғыдан тиімді жеткізуді жетілдіруге бағытталған. Отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде цифрлық технологияларды қолдану оқу үдерісінің тиімділігін арттыратыны дәлелденген.

Отандық ғалымдар – Ш.Т. Таубаева [3], К.М. Беркімбаев [4] және Р.С. Омарова [5] – болашақ мамандарды кәсіби қызметке даярлаудың теориялық, ғылыми, дидактикалық және әдістемелік негіздерін қалыптастыруда маңызды үлес қосты. Бұл зерттеушілердің еңбектерінде болашақ мамандардың кәсіби даярлығын қамтамасыз ету үдерісінде кездесетін қиындықтар терең зерделеніп, білім беру практикасын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар берілген. Осы тұрғыда Szabó R.Z. цифрлық алшақтықтың көпқырлы сипатқа ие екенін атап өтіп, оның инфрақұрылымдық, когнитивтік және мотивациялық факторлардың ықпалымен қалыптасатынын көрсетеді [6].

Болашақ тарих пәні мұғалімдерін даярлау саласында әскери тұтқындар тақырыбының теориялық және тәжірибелік тұрғыдан зерттелуіне А.В. Барабанщиков [7], Ф. Шарафутдинова [8] және Г. Яков [9] сынды ғалымдар елеулі үлес қосқан. Бұл зерттеушілер танымдық үдерістердің маңыздылығын айқындап, мотивациялық және еріктік даму мәселелерін, педагогикалық эмпатияны қалыптастыруды, коммуникативтік және цифрлық мәдениетті дамытуды, сондай-ақ өзін-өзі реттеу және өзіндік сана дағдыларын жетілдіруді зерттеген.

Осы ғалымдардың еңбектері әскери тұтқындар мәселесін меңгерудің психологиялық-педагогикалық аспектілерін ғана емес, сонымен қатар болашақ тарих мұғалімдерінің кәсіби-цифрлық құзыреттілігін дамыту үшін қажетті әдістемелік негіздерді де күшейтеді. Бұл зерттеу нәтижелері қазіргі заманғы білім беру үдерісінде цифрлық құралдарды қолдана отырып тарихи-педагогикалық контентті тиімді игеру үшін маңызды теориялық және тәжірибелік база қалыптастырады.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс кезеңінде білім алушылардың оқу үдерісінде цифрлық құралдарды тиімді пайдалану құзыреттерінің қалыптасуын бағалауға бағытталған

құрылымдалған жоспар әзірленді. Осы жоспарға сәйкес аппараттық-бағдарламалық жүйелер мен технологиялық құралдарды оқыту үдерісіне интеграциялау жүзеге асырылып, әскери тұтқындар тақырыбын зерделеу барысында студенттердің цифрлық құралдарды қолдануға дайындығын қалыптастыруға бағытталған жаңа тәсілдердің теориялық негіздерін анықтау көзделді. Аталған міндет эксперименттік жұмыстың негізгі мақсатын айқындады.

Тәжірибелік эксперименттің мақсаты:

- гуманитарлық пәндерді оқыту барысында зерттеу гипотезасында белгіленген мақсаттарға сәйкес ұсынылған әдістемелердің тиімділігін бағалау;

- білім алушылардың «әскери тұтқындар» тақырыбын оқытуда цифрлық білім беру құралдарын пайдалану даярлығын қалыптастыру;

- цифрлық технологияларды меңгеруге бағытталған қосымша тапсырмалар жүйесін орындауға даярлықтың критерийлері мен көрсеткіштеріндегі динамикалық өзгерістерді мониторингтеу;

- білім алушылардың тұлғалық, танымдық, нәтижелік және іс-әрекеттік құзыреттерінің қалыптасуында мотивациялық, мазмұндық және технологиялық көрсеткіштерді өлшеу арқылы математикалық-статистикалық талдау жүргізу.

Эксперименттік жұмысты жүзеге асыру барысында төмендегідей міндеттер айқындалды:

1. Гуманитарлық пәндерді оқыту үдерісінің құрылымын оңтайландыру;

2. Зерттеу барысында әзірленген тәжірибелік жұмыстар бағдарламаларын гуманитарлық пәндердің оқу жүктемесі аясында пилоттық режимде сынақтан өткізу;

3. Студенттердің кәсіби шығармашылық қабілеттерін дамытуда цифрлық технологияларды қолдану әдістемесін тәжірибелік тұрғыда іске асыру;

4. Студенттердің кәсіби даярлық үдерісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін оңтайлы әдістемені ұсыну, сондай-ақ ұсынылған әдістер мен нұсқаулықтардың тәжірибелік сабақтарды ұйымдастырудағы тиімділігін тексеру;

5. Эксперименттік жұмыстың нәтижелерін математикалық өңдеуден өткізу.

Зерттеудің мониторинг кезеңінде білім алушылардың цифрлық аппараттық құралдарды қолдануға даярлығының динамикасын сапалық және сандық тұрғыдан бағалау мақсатында теориялық негізделген бірқатар педагогикалық және психологиялық әдістемелер қолданылды. Атап айтқанда:

- Т. Элерс ұсынған тұлғаның жетістікке жетуге бағытталған мотивациясын анықтау әдістемесі [10];

- В.В. Синявский мен В.А. Федорошин әзірлеген жеке тұлғаның коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттерін бағалау әдістемесі [11];

- А.В. Карповтың жеке тұлғаның рефлексия деңгейін диагностикалау әдістемесі [12].

Эксперименттік зерттеу барысында жүргізілген сауалнамалар мен диагностикалық әдістемелердің нәтижелерін талдау олардың әртүрлі әдістермен өңделуге болатындығын, сондай-ақ білім алушылардың цифрлық оқу құралдарын қолдануға даярлық деңгейін бағалау мүмкіндігін көрсетті. Басқаша айтқанда, жиналған деректер статистикалық және сапалық талдау әдістері арқылы құрылымдалды және қайта өңделді.

Аналитикалық өңдеудің нәтижесінде білім алушылардың цифрлық оқу құралдарын қолдануға даярлығының даму деңгейі үш санатқа бөлінді: бастапқы, орта және жоғары деңгей. Салыстырмалы талдау экспериментке дейін білім алушылардың басым бөлігі бастапқы деңгейде болғанын, ал эксперименттен кейін олардың едәуір бөлігі орта және жоғары деңгейге көтерілгенін көрсетті. Бұл өз кезегінде зерттеу барысында қолданылған әдістемелік модельдің тиімділігін дәлелдейді.

Қолданылған әдістемелер білім алушылардың цифрлық оқу құралдарын қолдануға даярлығының қалыптасу деңгейін ғана емес, сонымен бірге бұл үдерістегі проблемалар мен олқылықтарды да айқындауға мүмкіндік берді.

Эксперименттік кезеңде қолданылған диагностикалық құралдар – сауалнамалар, сондай-ақ Т. Элерстің жетістікке жетуге уәжділікті анықтау әдістемесі – студенттердің цифрлық оқу құралдарын пайдалану даярлығын үш деңгейде бағалауға мүмкіндік берді: бастапқы, орта және жоғары деңгей. Бұдан бөлек, аталған диагностикалық әдістер білім алушылардың цифрлық оқу ортасында кездесетін негізгі қиындықтарын айқындауға да жағдай жасады. Мәселен, ақпаратты іздеу мен сұрыптаудағы қиындықтар, әртүрлі платформаларда жұмыс істеу барысында туындайтын түсінудің шектеулілігі, цифрлық қауіпсіздікке байланысты алаңдаушылық, сондай-ақ цифрлық сауаттылық пен пәндік білімдегі олқылықтар анықталды.

Тәжірибелік эксперимент Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ-дың 6B01601-Тарих мұғалімін даярлау және 6B01602 – Тарих-Дінтану мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасының білім алушыларының 2-4 курсына өткізілді. Эксперимент зерттеу логикасына сәйкес анықтаушы және қалыптастырушы деген екі кезеңінде 2-4 курс білім алушыларынан – 46 білім алушы және 3-4 курс білім алушыларынан – 49, эксперимент тобында – 46, ал бақылау тобында – 49 білім алушы қатысты.

2 және 4 курс студенттерінің эксперименттік топқа таңдалу себебін нақтылап өткен жөн. Бакалавриаттың оқу бағдарламасына сәйкес бұл студенттер Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі әскери тұтқындар тақырыбымен алдын ала таныс және алдыңғы оқу сабақтарында осы мәселеге қатысты тиісті мәліметтер алған. Сондықтан білім алушылардың зерттеу тақырыбына қатысты бастапқы дайындық деңгейін айқындау зерттеудің маңызды құрамдас бөлігі болды.

Сауалнама сұрақтарына берілген жауаптарды талдау барысында бірқатар маңызды көрсеткіштер анықталды. Атап айтқанда, гуманитарлық пәндер мазмұны аясында кәсіби даярлық процесінде цифрлық технологияларды қолдануға даярлық деңгейі келесідей нәтижелерді көрсетті:

- эксперименттік топтағы студенттердің 31,8%-ы цифрлық оқу құралдарын қолдану тәсілдерін түсінбейтінін;
- 60,9%-ы жаңа терминдер мен ұғымдарды жеткіліксіз меңгергенін;
- 7,3%-ы гуманитарлық пәндер арқылы кәсіби қызметінде техникалық көрсеткіштерді іске асыруға қажетті білімнің жеткіліксіз екенін білдірді.

Бақылау тобы бойынша алынған нәтижелер төмендегідей:

- цифрлық оқу құралдарын пайдалану деңгейі төмен, бұл 57,1% көрсеткіштерімен айқындалды;
- тек 9,5% студент қана гуманитарлық пәндер арқылы кәсіби қызметінде техникалық сауаттылықты жоғары деңгейде көрсетті.

Гуманитарлық пәндер мазмұны шеңберінде кәсіби қызметке қажетті тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру мақсатында ұсынылған әдістеме тәжірибелік сабақтарда орындалатын қосымша тапсырмалардың күрделілігін кезең-кезеңімен арттыруды қамтыды.

Эксперименттің қалыптастырушы кезеңінде «Қазақстан тарихы» пәніне арналған тәжірибелік сабақтар бойынша әдістемелік нұсқаулық пайдаланылды. Бұл нұсқаулық «6B01601 – Тарих мұғалімін даярлау» және «6B01602 – Тарих - Дінтану мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламаларының студенттеріне арналған. Нұсқаулықта ұсынылған қосымша тапсырмалар жүйесі студенттердің цифрлық құралдарды қолдануға даярлығын қалыптастыруға бағытталды.


Осы тапсырмаларды орындау барысында цифрлық құралдарды пайдалану даярлығының критерийлер мен көрсеткіштер бойынша динамикасы анық байқалды. Алынған нәтижелер студенттердің цифрлық құралдарды меңгеру деңгейінің қалыптасу динамикасын кестелік форматта бейнелеуге мүмкіндік берді.

Төменде эксперименттік жұмысымыздың анықтау және бақылау кезеңдерінің салыстырмалы көрсеткіштері келтірілген (1 кесте).

1-кесте – Бақылау кезеңінде білім алушылардың цифрлық оқу құралдарын пайдалану дайындығының ұйымдастырушылық-әдістемелік компонентінің даму деңгейлері мен көрсеткіштері

Қалыптасу деңгейлері	Анықтау эксперименті				Бақылау эксперименті			
	Эксп.топ (26)		Бақылау тобы (29)		Эксп.топ (26)		Бақылау тобы (29)	
	%	білім алушы	%	білім алушы	%	білім алушы	%	білім алушы
Жоғары	26,1	12	26,5	13	45,6	21	22,4	11
Орташа	52,2	24	51,1	25	41,3	19	55,1	27
Төмен	21,7	10	22,4	11	13,1	6	22,4	11

Диагностикалық және мониторингтік кезеңдердің нәтижелерін салыстырмалы талдау эксперименттік топтағы ұйымдастырушылық-әдістемелік компоненттің даму деңгейінде елеулі өзгерістерді көрсетеді: жоғары деңгейдегі қатысушылардың үлесі экспериментке дейін **26,1%-дан** эксперименттен кейін **45,6%-ға** өскен. Бұл студенттердің кәсіби дағдылары мен қабілеттерінің, соның ішінде цифрлық оқу құралдарын қолдануға даярлықты дамыту үдерісін жүзеге асырудағы дидактикалық, техникалық, педагогикалық-психологиялық, құзыреттік және рефлексивтік аспектілерін жетілдіруін айқындайды (1-сурет).



1-сурет – Мониторингтік кезеңде студенттердің цифрлық оқу құралдарын қолдануға дайындықтарының нәтижелік-қызметтік компонентінің даму деңгейлері мен көрсеткіштері

Студенттердің цифрлық оқу құралдарын қолдануға дайындықтарының жеке компонентінің даму деңгейлері мен көрсеткіштері төмендегідей нәтижелерді көрсетті. Бұл мәліметтер 2-кестеде келтірілген.

2-кесте – Соңғы мониторингтік кезеңде студенттердің цифрлық коммуникациялық құралдарды қолдануға дайындықтарының жеке компонентінің даму деңгейлері мен көрсеткіштері


Қалыптасу деңгейлері	Анықтау эксперименті				Бақылау эксперименті			
	Эксп.топ (46)		Бақылау тобы (49)		Эксп.топ (46)		Бақылау тобы (49)	
	%	білім алушы	%	білім алушы	%	білім алушы	%	білім алушы
Жоғары	22,0	10	24,4	12	65,2	30	24,5	12
Орташа	52,0	24	47,0	23	28,2	13	49	24
Төмен	26,0	12	28,6	14	6,5	3	26,5	13

Жеке компоненттің деңгейін анықтау үшін студенттерден цифрлық оқу құралдарын қолдануға қатысты мазмұнды түсінуі мен білімін көрсету, қосымша тапсырмалар арқылы цифрлық технологияларды қолдану қабілетін дамыту, өздерінің тәжірибелік жұмыстарын талдау және коммуникация орнатудағы қиындықтарды рефлексиялау талап етілді. Диагностикалық кезеңде эксперименттік топ 22,0% деңгейін көрсетті, ал бақылау тобы 24,5% нәтижеге ие болды (3-кесте).

**3-кесте – Соңғы бақылау кезеңінде білім алушылардың цифрлық оқу құралдарын пайдалану дайындығының танымдық компонентінің даму деңгейлері мен көрсеткіштері**

Анықтау эксперименті									
Эксперименттік топ – 46 білім алушы					Бақылау тобы – 49 білім алушы				
Деңгейлері	%	саны	%	саны	Деңгейлері	%	Саны	%	саны
Жоғары	47,8	22	58,7	27	Жоғары	46,9	23	44,8	22
Орташа	39,1	18	28,2	13	Орташа	34,7	17	36,7	18
Төмен	13,1	6	13,1	6	Төмен	18,4	9	18,3	9
Бақылау эксперименті									
Эксперименттік топ – 46 білім алушы					Бақылау тобы – 49 білім алушы				
Деңгейлері	%	саны	%	саны	Деңгейлері	%	Саны	%	саны
Жоғары	67,4	31	65,2	30	Жоғары	40,8	20	49	24
Орташа	26,1	12	26,1	12	Орташа	42,9	21	32,6	16
Төмен	6,5	3	8,7	4	Төмен	16,3	8	18,4	9

Қалыптастырушы эксперименттің нәтижелілігі зерттеліп отырған білім алушылардың цифрлық білім беру құралдарын пайдалануға дайындық деңгейінің жоғарлауына әкелді: эксперименттік топта жоғары деңгей 65,2%-ды құраса, бақылау тобында 24,5% болды. Бұл мәліметтер кесте мен суретте көрсетілген.



**2-сурет – Соңғы бақылау кезеңінде білім алушылардың цифрлық оқу құралдарын пайдалану дайындығының танымдық компонентінің даму деңгейлері мен көрсеткіштері**

Мониторинг кезеңінде студенттердің цифрлық оқу құралдарын қолдануға даярлықтарының когнитивтік компонентінің даму көрсеткіштері бағаланды. Диагностикалық кезеңде бақылау тобының (БТ) жоғары даму деңгейі 47,8%, ал эксперименттік топта (ЭТ) 58,7% болды. Эксперименттік кезең барысында бұл көрсеткіштер тиісінше 67,4% (БТ) және 65,2% (ЭТ) деңгейіне жетті. Бұл формативтік кезеңде қолданылған әдістемелердің тиімділігін көрсетеді.


4-кесте – Соңғы бақылау кезеңінде білім алушылардың цифрлық оқу құралдарын пайдалану дайындығының нәтижелік іс-әрекеттік компонентінің даму деңгейлері мен көрсеткіштері

Қалыптау деңгейлері	Анықтау эксперименті				Бақылау эксперименті			
	Эксп.топ (46)		Бақылау тобы (49)		Эксп.топ (46)		Бақылау тобы (49)	
	%	Білім алушы	%	Білім алушы	%	Білім алушы	%	Білім алушы
Жоғары	21,7	10	18,4	9	54,3	25	18,3	9
Орташа	26,1	12	28,5	14	41,3	19	32,7	16
Төмен	52,2	24	53,1	26	4,4	2	49	24

Білім алушылардың цифрлық оқу құралдарын пайдалану даярлығының нәтижелік-іс-әрекеттік компонентінің жоғары сапалық көрсеткіші эксперименттік топта анықтау эксперименті кезеңінде 21,7 % құраған болса, бақылау кезеңінде 54,3 % өскен, енді бақылау тобында болса анықтау эксперименті кезеңінде 18,4 % көрсетсе, бақылау кезеңінде 18,3 % төмендеген.

Бұл көрсеткіштерден білім алушылардың цифрлық оқу құралдарын пайдалану даярлығының нәтижелік-іс-әрекеттік компонентінің даму деңгейіне қалыптастырушы эксперимент кезеңінде жүргізілген жұмыстар оң әсерін тигізгендігін байқауға болады.

Зерттеу жұмысының қалыптастырушы кезеңінен кейін бақылау жұмысын жүргізу барысында бақылау тобы мен эксперименттік топ арасында айырмашылық анықталды.



3-сурет – Соңғы мониторинг кезеңінде студенттердің цифрлық коммуникациялық құралдарды қолдануға дайындықтарының нәтижелі-құндылық компонентінің даму деңгейлері мен көрсеткіштері

Студенттердің цифрлық оқу құралдарын қолдануға даярлық деңгейінің формативтік экспериментке дейінгі және кейінгі динамикасын бағалау мақсатында Г.А. Наседкина ұсынған динамикалық қатарлар индикаторы қолдану тиімді деп танылды [13]:

$$Op.=(1a+2b+3c):100$$

Кестеде Op. (Learning Tool – Оқу құралы) айнымалысы студенттердің цифрлық оқу құралдарын қолдануға дайындық деңгейінің өсуін сандық түрде көрсетеді. Мұнда a, b, c әріптері жоғары, орташа және төмен деңгейдегі респонденттердің пайыздық үлестерін білдіреді, ал 1, 2, 3 коэффициенттері осы деңгейлерге берілген салмақтарды көрсетеді.

Сәйкесінше, зерттеу нәтижелері тәжірибенің басында және соңында студенттердің дайындық деңгейінің өсуін сандық түрде көрсетуге мүмкіндік беретін орташа мәнді есептеуге негіз болды. Эксперименттің басында орташа дайындық индексі 1,06 болды (есептеу формуласы:  $(110 + 212 + 324) / 100$ ), ал эксперимент соңында ол 0,69-ға төмендеді (есептеу формуласы:  $(125 + 219 + 32) / 100$ ). Осы көрсеткіштердің қатынасы мына формула арқылы есептелді:  $K = 1,06 / 0,69$ .

Нәтижесінде тиімділік коэффициенті  $K = 1,06 : 0,69 = 1,5$  болып шықты, бұл айнымалылар арасындағы күшті корреляцияны көрсетеді.

Эксперименттік зерттеу нәтижелері студенттердің цифрлық оқу құралдарын қолдануға дайындық көрсеткіштерінің оң динамикасын көрсетті. Сонымен қатар, тәжірибелік кезеңде алынған нәтижелер ғылыми гипотезаның дұрыстығын растады.

Студенттердің жауаптарын талдау олардың дидактикалық, шығармашылық, технологиялық және рефлексивтік өлшемдер бойынша кәсіби дайындықтарының жеткіліксіздігін көрсетті. Бұл бағыттарда кәсіби тәжірибені одан әрі меңгеру қажеттілігін нақты көрсетті. Дегенмен, бұл қажеттіліктер жоғары оқу орындарында қолданылатын технологиялық кәсіби даярлау жүйесі арқылы ішінара шешілуде.

Бұл талдау ақпараттық және цифрлық технологияларды тарих пәнін оқытудағы методикалық жұмыс тиімділігін зерттеуге арналған мақала шеңберінде өз ғылыми тезисін қалыптастырғанымен байланысты [14]. Сонымен қатар, қазіргі білім беру үдерісінде студенттер интернеттегі ең жаңа ақпаратпен тікелей жасанды интеллект арқылы таныса алады [15].

Зерттеу нәтижелері студенттердің гуманитарлық пәндер бойынша алған білімдерін кәсіби қызметінде қолдануға жеткілікті дәрежеде бағытталғанын дәлелдейді. Сондай-ақ, тарих саласындағы студенттердің ақпараттық және технологиялық аспектілерін меңгеру деңгейінің де жоғары екені байқалды [16].

Аталған нәтижелер студенттердің гуманитарлық пәндерден алған білімдерін кәсіби қызметінде қолдануға бағытталғанын растайды. Дайындықты қалыптастыру процесі гуманитарлық пәндерді оқытуда қолданылған әдістер мен формалардың тиімділігін көрсетті. Сонымен қатар, зерттеу технологиялық, педагогикалық-психологиялық және рефлексивтік компетенциялар дамытуға бағытталған іс-шаралардың сәтті жүзеге асырылуына мүмкіндік берді. Зерттеу қызметі – мұғалім мен студенттің бірлескен шығармашылық қызметі болып табылады, онда олардың күш-жігері белгісіз мәселені шешуге бағытталған. Бұл процесс нәтижесінде зерттеу ойлау және дүниетаным қабілеттері қалыптасады [17].

А.Н. Поддьяков тұжырымына сәйкес, зерттеу қызметін белсендіру арқылы адамның әлемге шығармашылық көзқарасын, атап айтқанда мотивациялық дайындық пен интеллектуалдық қабілеттерін анықтауға болады [18].

Бұл нәтиже бірнеше субъективті және объективті факторларға байланысты. Біріншіден, қазіргі ұрпақтың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеруі дайындықты қалыптастыру жүйесінің тиімділігін арттырады. Екіншіден, білім беру үдерісінде студенттердің қызметін басқару және өзін-өзі реттеу механизмдері жеткілікті түрде қамтамасыз етілген. Олардың субъективті пікірін ескере отырып, цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері жүйелі түрде қолданылады.

Диагностикалық эксперимент деректеріне сүйене отырып келесі қорытындылар жасалады:

- арнайы педагогикалық жоғары оқу орындары студенттердің гуманитарлық пәндерді кәсіби қызметте қолдану тәжірибесін әрі қарай жетілдіруге, кәсіби салада сапалы жүзеге асыруға назар аударуы қажет;

- студенттердің гуманитарлық пәндерді кәсіби түрде қолдануға дайындығын арттыру үшін тәжірибелік сабақтардың әдістемелік қамтамасыз етілуін жетілдіру қажет. Бұл мақсатқа

арнайы қосымша тапсырмалар жүйесін жасап, оны нақты цифрлық технологияларды тиімді қолдану арқылы жүзеге асыру арқылы жетуге болады;

- Lesson Study әдісін қолдану студенттердің белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Бұл әдіс проблемалық сұрақтарды қою арқылы жүзеге асады, яғни студенттерді ойлауға және ізденуге бағыттайтын сұрақтар қойылады. Сонымен қатар, топтық жұмысты ұйымдастыру студенттердің бір-бірімен әрекеттесуін және білім алмасуын қамтамасыз етеді [19].

### **Қорытынды**

Жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі әскери тұтқындар тақырыбын оқытуда цифрлық ресурстарды пайдалану студенттердің қызығушылығын арттыратыны, тарихи деректермен жұмыс істеу дағдыларын дамытатыны, білім сапасын жақсартатыны және олардың рухани-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына ықпал ететіні анықталды. Цифрлық ресурстарды білім беру үдерісіне интеграциялау оқытуды неғұрлым интерактивті етіп, студенттердің орнын пассивті тыңдаушылардан белсенді қатысушылар деңгейіне көтереді. Бейнематериалдар, фотосуреттер, анимациялар секілді мультимедиалық құралдар тарихи оқиғаларды көрнекі түрде бейнелеп, білім алушылардың қызығушылығын ынталандырады.

Эксперимент нәтижелері көрсеткендей, цифрлық ресурстарды әскери тұтқындар тарихын оқыту үдерісінде жүйелі қолдану білім алушылардың әдістемелік құзыреттілігінің қалыптасуына оң ықпал етті. Анықтаушы кезеңде білім алушылардың тарихи деректермен жұмыс істеу және оларды оқу үдерісіне бейімдеу іскерліктерінің жеткіліксіз деңгейде екені анықталса, қалыптастырушы кезеңде жүргізілген әдістемелік жұмыстар нәтижесінде бұл көрсеткіштердің едәуір артқаны байқалды. Пайыздық салыстыру мен деңгейлік талдау нәтижелері білім алушылардың танымдық белсенділігінің, әдістемелік ойлау қабілетінің және кәсіби даярлығының жоғарылағанын дәлелдеді. Осылайша, ұсынылған авторлық тәжірибелік модельдің тиімділігі эксперименттік деректермен негізделді.

Онлайн-тестілер, викториналар мен жаттығулар оқыту үдерісін жандандырып, студенттердің оқу әрекетін ойын элементтері арқылы қабылдауын қамтамасыз етеді. Цифрлық ресурстар студенттерге өзіндік білім алуға мүмкіндік береді және оқу қарқынын жеке ерекшеліктеріне қарай реттеуге жағдай жасайды. Әсіресе онлайн кітапханалар мен архивтер тарихи деректерге қолжетімділікті жеңілдетіп, студенттерді тарихи ақпаратты іздеу, талдау және жинақтау дағдыларын меңгеруге үйретеді.

Цифрлық құралдардың көмегімен білім алушылар тарихи құжаттарды (хаттар, фотосуреттер, бейнежазбалар) талдап, салыстыра алады. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелерін презентация, фотоқұжат немесе бейнеролик форматтарында ұсыну мүмкіндігі олардың ақпаратты ұсыну және визуализациялау дағдыларын жетілдіреді. Мультимедиалық мазмұн – ақпаратты көрнекі әрі жеңіл қабылданатын түрде жеткізетін тиімді құрал, бұл студенттердің тарихи материалды түсінуін едәуір жеңілдетеді. Ал интерактивті тапсырмалар білім алушылардың тақырыпты меңгеру деңгейін бағалап, білімді бекітуге ықпал етеді.

Цифрлық ресурстарды пайдалану студенттерге оқу материалдарын кез келген уақытта қайталап қарауға және қажет болған жағдайда қосымша уақыт бөлуге мүмкіндік береді. Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі әскери тұтқындар тақырыбын зерттеу студенттерге осы адамдардың қиыншылықтарын, азаптарын және трагедияларын түсінуге жағдай жасап, эмпатия дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Эмпатия – бұл басқа адамның эмоционалдық жағдайын, оның қиыншылықтары, қайғысы мен қиналуын сезіне алу қабілеті. Ол тек түсіну ғана емес, сонымен қатар сол сезімдерді бөлісу, өзінді өзгелердің орнына қою мүмкіндігімен сипатталады. Эмпатияның маңызы әсіресе әлеуметтік қатынастарда, коммуникацияда және өзара қолдауда айқын көрінеді.

Сонымен қатар, аталған материалдар адамгершілік құндылықтар – мейірімділік, батылдық және төзімділік – туралы ойлануға түрткі болады. Соғыс кезіндегі ерліктер мен батырлық оқиғалары студенттерде патриоттық сезімді қалыптастырады. Бұл тақырып өткенге

кұрметпен қарауға, тарихи оқиғалардан сабақ алуға және ұжымдық естелікті сақтау маңыздылығын бағалауға ынталандырады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Алдабергенова А.О., Адамбекова А.М., Есенгабылов И.Ж. Болашақ педагогтердің цифрлық сауаттылығын дамыту: жүргізілген эмпирикалық зерттеу нәтижелері // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №3(137). – Б. 274–288. <https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.250>
2. Оңтүстік Қазақстан облысы әскери тұтқындар лагерлері Басқармасының құжаттары / Құраст.: Л.С. Динашева, М. Тулеев. – Шымкент: Әлем, 2023. – 239 б.
3. Таубаева Ш. Методология и методика дидактического исследования: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 246 с.
4. Беркімбаев К.М. Ақпараттық технологиялар мамандарын кәсіби даярлаудың педагогикалық жүйесі: пед. ғыл. док. ... дис. – Түркістан, 2007. – 144 б.
5. Омарова Р.С. Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудың дидактикалық негіздері: пед. ғыл. док. ... автореф. – Түркістан, 2008. – 141 б.
6. Szabó R.Z. Overcoming the digital divide: A conceptual framework // Journal of Infrastructure, Policy and Development. – 2024. – Vol. 8, №16. <https://doi.org/10.24294/jipd100826>.
7. Барабанщиков А.В., Давыдов В.П. Методика исследования проблем военной педагогики и психологии. – М.: ВПА, 1987. – 63 с.
8. Шарафутдинова Ф. Великая Отечественная война и Южный Казахстан. [Электронный ресурс]. URL: <https://otyrar.kz/2015/01/chimkent-avgust-1941-go-pervye-evakuirovannye> (дата обращения 23.08.2025)
9. Яков Г. Город Чимкент в годы Великой Отечественной войны. [Электронный ресурс]. URL: [https://znanio.ru/media/gorod\\_chimkent\\_v\\_gody\\_velikoj\\_otechestvennoj\\_vojny](https://znanio.ru/media/gorod_chimkent_v_gody_velikoj_otechestvennoj_vojny) (дата обращения 12.08.2025)
10. Элерс Т. Методика диагностики личности на мотивацию к успеху (опросник Т. Элерса). [Электронный ресурс]. URL: <https://psycabi.net/testy/271-metodika-dagnostiki-lichnosti-na-motivatsiyu-k-uspekhu-t-eltersa-oprosnik-t-eltersa-dlya-izucheniya-motivatsii-dostizheniya-uspekha> (дата обращения 13.08.2025)
11. Изучение группового взаимодействия. [Электронный ресурс]. URL: [https://kbmk.org/uploads/kolledj/vosp\\_rabota/20170830\\_izuch\\_grup\\_vzaimod.pdf](https://kbmk.org/uploads/kolledj/vosp_rabota/20170830_izuch_grup_vzaimod.pdf) (дата обращения 03.08.2025).
12. Карпов А.В. Методика диагностики уровня развития рефлексивности (опросник А. В. Карпова). [Электронный ресурс]. URL: <https://psycabi.net/testy/517-test-refleksii-metodika-dagnostiki-urovnya-razvitiya-refleksivnosti-oprosnik-karпова-a-v> (дата обращения 23.07.2025)
13. Наседкина Г.А. Социокультурная деятельность учреждения дополнительного образования как фактор социализации подростков: автореф. ... канд. пед. наук. – Екатеринбург, 2007. – 24 с.
14. Исаев М.С., Апендиев Т.А., Данияров Т.А. Тарихты оқуда ақпараттық-цифрлық технологиялар мен Internet желісін пайдалану мәселелері // Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Хабаршысы. – 2023. – №5(405). – Б. 146-160.
15. Калдыгозова С., Шакенова М., Джилкишиева М. Применение искусственного интеллекта в системе мониторинга и управления качеством образования в Казахстане // Bulletin the National academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. – 2025. – №2(414). – P. 152-173. <https://doi.org/10.32014/2025.2518-1467.919>
16. Issayev M., Daniyarov T., Turayeva A., Zhumadullaeva A., Apendiyev T. Is technological pedagogical content knowledge of history teachers decreasing day by day? A study on history students and current teachers? // International Journal of Innovative Research and Scientific Studies. – 2025. – №8(2). – P. 1341-1347. <https://doi.org/10.53894/ijirss.v8i2.5462>
17. Chakraborty D., Biswas W. Motivating factors in a teacher's research and developmental activities and their impact on effective quality teaching in higher education institutions // Journal of Applied Research in Higher Education. – 2020. – №12(4). – P. 609-632. <https://doi.org/10.1108/JARHE-07-2018-0161>
18. Поддьяков А.Н. Исследовательское поведение: стратегии познания, помощь, противодействие, конфликт. – М.: Национальное образование, 2016. – 305 с.

19. Peter Dudley. Lesson Study: a handbook. 2011. [Электронный ресурс]. URL: <https://repositorio.minedu.gob.pe/bitstream/handle/20.500.12799/5017/Lesson%20Study%20a%20Handbook.pdf?sequence=1&isAllowed=y> (дата обращения 23.07.2025)

## REFERENCES

1. Aldabergenova A.O., Adambekova A.M., Esengabylov I.Zh. Bolashaq pedagogterdin cifrlyq sauattylygyn damyту: zhurgizilgen empirikalыq zertteu natizheleri [Developing Future Teachers' Digital Literacy: Results of the Conducted Empirical Research] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2025. – №3(137). – B. 274–288. <https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.250> [in Kazakh]
2. Ontustik Qazaqstan oblysy askeri tutqyndar lagerleri Basqarmasynyn quzhattary [Documents of the Administration of Prisoner of War Camps in the South Kazakhstan Region] / Qurast.: L.S. Dinasheva, M. Tuleev. – Shymkent: Alem, 2023. – 239 b. [in Kazakh]
3. Taubaeva Sh. Metodologia i metodika didakticheskogo issledovaniya: uchebnoe posobie [Metodologiya i metody didakticheskogo issledovaniya textbook]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2015. – 246 s. [in Russian]
4. Berkimbaev K.M. Aqparattyq tehnologialar mamandaryn kasibi daiarlaudyn pedagogikalыq zhuiesi: ped. gyl. dok. ... dis. [Pedagogical system of professional training of information technology specialists: dis.]. – Turkistan, 2007. – 144 b. [in Kazakh]
5. Omarova R.S. Bilim berudin zhana paradigmasy zhagdaiynda oqushylardyn shygarmashylyq qyzygushylygyn qalyptastyrudyn didaktikalыq negizderi: ped. gyl. dok. ... avtoref. [Didactic foundations of the formation of students' creative interest in a new educational paradigm: abstract]. – Turkistan, 2008. – 141 b. [in Kazakh]
6. Szabó R.Z. Overcoming the digital divide: A conceptual framework // Journal of Infrastructure, Policy and Development. – 2024. – Vol. 8, №16. <https://doi.org/10.24294/jipd100826>.
7. Barabanshikov A.V., Davydov V.P. Metodika issledovaniya problem voennoi pedagogiki i psihologii [Methods of research of problems of military pedagogy and psychology]. – M.: VPA, 1987. – 63 s. [in Russian]
8. Sharafutdinova F. Velikaia Otechestvennaia voina i Iuzhnyi Kazahstan [The Great Patriotic War and Southern Kazakhstan]. [Electronic resource]. URL: <https://otyrar.kz/2015/01/chimkent-avgust-1941-gopervye-evakuirovannye> (date of access 23.08.2025) [in Russian]
9. Iakov G. Gorod Chimkent v gody Velikoi Otechestvennoi voiny [The city of Shymkent during the Great Patriotic War]. [Electronic resource]. URL: [https://znanio.ru/media/gorod\\_chimkent\\_v\\_gody\\_velikoj\\_otchestvennoj\\_vojny](https://znanio.ru/media/gorod_chimkent_v_gody_velikoj_otchestvennoj_vojny) (date of access 12.08.2025) [in Russian]
10. Elers T. Metodika diagnostiki lichnosti na motivaciю k uspehu (oprosnik T. Elersa) [The methodology of personality diagnosis for motivation to success (T. Ehlers questionnaire)]. [Electronic resource]. URL: <https://psycabi.net/testy/271-metodika-diagnostiki-lichnosti-na-motivatsiyu-k-uspekhu-t-eltersa-oprosnik-t-eltersa-dlya-izucheniya-motivatsii-dostizheniya-uspekha> (date of access 13.08.2025).
11. Izuchenie gruppovogo vzaimodeistvia [Study of Group Interaction]. [Electronic resource]. URL: [https://kbnk.org/uploads/kolledj/vosp\\_rabota/20170830\\_izuch\\_grup\\_vzaimod.pdf](https://kbnk.org/uploads/kolledj/vosp_rabota/20170830_izuch_grup_vzaimod.pdf) (date of access 03.08.2025) [in Russian]
12. Karpov A.V. Metodika diagnostiki urovnia razvitiya reflektivnosti (oprosnik A.V. Karpova) [Methodology for diagnosing the level of development of reflexivity (A.V. Karpov's questionnaire)]. [Electronic resource]. URL: <https://psycabi.net/testy/517-test-refleksii-metodika-diagnostiki-urovnnya-razvitiya-refleksivnosti-oprosnik-karpova-a-v> (date of access 23.07.2025) [in Russian]
13. Nasedkina G.A. Sociokulturnaia deiatelnost uchrezhdenia dopolnitelnogo obrazovaniya kak faktor socializacii podrostkov: avtoref. ... kand. ped. nauk [Socio-cultural activity of educational education as a factor of socialization of adolescents: abstract]. – Ekaterinburg, 2007. – 24 s. [in Russian]
14. Isaev M.S., Apendiev T.A., Daniyarov T.A. Tarihty oquda aqparattyq-cifrlyq tehnologialar men Internet zhelisin paidalanu maseleleri [Problems of information and digital technologies and the use of the Internet in the study of history] // Qazaqstan Respublikasy Gylym akademiasynyn Habarshysy. – 2023. – №5(405). – B. 146-160. [in Kazakh]
15. Kaldygozova C., Shakenova M., Dzhilkishieva M. Primenenie iskusstvennogo intellekta v sisteme monitoringa i upravleniya kachestvom obrazovaniya v Kazahstane [Application of artificial intelligence in the system of quality control and management of education in Kazakhstan] // Bulletin the National

- academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. – 2025. – №2(414). – P. 152-173. <https://doi.org/10.32014/2025.2518-1467.919> [in Kazakh]
16. Issayev M., Daniyarov T., Turayeva A., Zhumadullaeva A., Apendiyev T. Is technological pedagogical content knowledge of history teachers decreasing day by day? A study on history students and current teachers? // International Journal of Innovative Research and Scientific Studies. – 2025. – №8(2). – R. 1341-1347. <https://doi.org/10.53894/ijirss.v8i2.5462>
  17. Chakraborty D., Biswas W. Motivating factors in a teacher's research and developmental activities and their impact on effective quality teaching in higher education institutions // Journal of Applied Research in Higher Education. – 2020. – №12(4). – R. 609-632. <https://doi.org/10.1108/JARHE-07-2018-0161>
  18. Poddiakov A.N. Issledovatelskoe povedenie: strategii poznanija, pomosh, protivodeistvie, konflikt [Research behavior: strategies of cognition, help, counteraction, conflict]. – M.: Nacionalnoe obrazovanie, 2016. – 305 s. [in Russian]
  19. Peter Dudley. Lesson Study: a handbook. 2011. [Electronic resource]. URL: <https://repositorio.minedu.gob.pe/bitstream/handle/20.500.12799/5017/Lesson%20Study%20a%20Handbook.pdf?sequence=1&isAllowed=y> (date of access 23.07.2025)

### Practical and Experimental Characteristics of the Use of Digital Resources in Teaching the History of Prisoners of War

**Abstract.** This article is devoted to the study of pedagogical methods for the effective integration of digital resources in teaching the topic of prisoners of war during the Great Patriotic War. The relevance of the study is justified by the high demands for information and technological competence in the modern educational environment, as well as the profound humanistic significance of this complex historical topic. Particular attention was given to enhancing the professional competence of future historians, including the development of students' skills in using digital technologies. In this regard, the plan, aim, and objectives of the practical-experimental work were thoroughly examined.

During the study, alongside theoretical analysis, practical-experimental work was carried out with the participation of students, aimed at exploring effective ways of using digital resources in teaching the topic of prisoners of war during the Great Patriotic War. The aim of the experiment was to test the effectiveness of a methodological model developed based on the use of digital tools. The results of the experiment demonstrated a significant increase in students' readiness to use digital learning tools across organizational-methodological, personal, and cognitive components. As a result of the practical-experimental work, a new teaching methodology was proposed.

The proposed methodological model proved that the use of digital resources contributes to enhancing students' cognitive activity, developing skills in working with historical data, and fostering spiritual and moral values.

**Keywords:** digital resources, prisoners of war (POWs), pedagogical experiment, interactive learning.

### Практические и экспериментальные характеристики использования цифровых ресурсов при преподавании истории военнопленных

**Аннотация.** Данная статья посвящена исследованию педагогических методов эффективной интеграции цифровых ресурсов в преподавание темы военнопленных в период Великой Отечественной войны. Актуальность исследования обоснована высокими требованиями к информационно-технологической компетентности в современном образовательном пространстве, а также глубокой гуманистической значимостью данной сложной исторической темы. Особое внимание уделялось вопросам повышения профессиональной компетентности будущих историков, в том числе развитию у обучающихся навыков использования цифровых технологий. В этой связи были подробно рассмотрены план, цель и задачи практико-экспериментальной работы.

В ходе исследования, наряду с теоретическим анализом, проводилась практико-экспериментальная работа с участием студентов, направленная на изучение способов эффективного использования цифровых ресурсов при преподавании темы военнопленных периода Великой Отечественной войны. Целью эксперимента являлась проверка эффективности методической модели, созданной на основе применения цифровых инструментов. Результаты эксперимента показали

значительное повышение уровня готовности студентов к использованию цифровых учебных средств (по организационно-методическому, личностному и познавательному компонентам). В результате практико-экспериментальной работы была предложена новая методика преподавания. Предложенная методическая модель доказала, что использование цифровых ресурсов способствует повышению познавательной активности обучающихся, развитию навыков работы с историческими данными и формированию духовно-нравственных ценностей.

**Ключевые слова:** цифровые ресурсы, военнопленные, педагогический эксперимент, интерактивное обучение.

**Автор туралы мәлімет**

**Сенгирбаева З.Ж.** – PhD докторант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, e-mail: zaure.sengirbaeva@gmail.com, Қазақстан, Түркістан қ.

**Information about the author**

**Sengirbayeva Z.Zh.** – PhD Doctoral Student, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, e-mail: zaure.sengirbaeva@gmail.com, Kazakhstan, Turkistan.

**Сведения об авторе**

**Сенгирбаева З.Ж.** – PhD докторант, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, e-mail: zaure.sengirbaeva@gmail.com, Казахстан, г. Туркестан.